

МРНТИ:15.01.29 <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.48>

Ж.И. Сардарова<sup>1</sup>, Ш.И. Джанзакова<sup>2</sup>, А.С. Имангалиев<sup>3</sup>, А.Б. Атимова<sup>4</sup>

<sup>1</sup> «Өрлеу» БАҰО АҚФ ББЖҚБАРИ

Алматы, Қазақстан

<sup>2,3,4</sup> Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Атырау, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ МЕНЕДЖЕРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгеруі жағдайында әрбір білім беру ұйымының іс-әрекетінің нәтижесі ең алдымен, менеджменттің заманауи тәсілдері мен қағидаларын қолдануға байланысты. Сол себепті де мақала бүгінгі күн сұранысына ие мәселе – болашақ педагог-психологтың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. Авторлар ғылыми-зерттеу тақырыбына қатысты теориялық материалдарды жан-жақты талдау жасап, ой тұжырымдарын ұсынуға тырысқан. Бұл орайда, «менеджерлік құзыреттілік», «болашақ педагог-психологтың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру» ұғымдарын нақтылап, педагог-психологтың кәсіби маңызды сапаларын, болашақ педагогтардың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін айқындау сияқты өзекті мәселелерді ашқан.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, менеджер, менеджерлік құзыреттілік, педагогикалық менеджмент, басқару, педагог-психологтың менеджерлік құзыреттілігі

*Sardarova Zh.I<sup>1,2</sup>, Janzakova Sh.I., Imangaliev A.S.,<sup>3</sup> Atimova A.B.<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>RIDSES NSPD " Orleu», Almaty, Kazakhstan

<sup>2,3,4</sup> H. Dosmukhamedov Atyrau state University

Atyrau, Kazakhstan

## ACTUAL PROBLEMS OF FORMATION OF MANAGERIAL COMPETENCE OF THE FUTURE TEACHER-PSYCHOLOGIST

*Abstract*

Currently, in the context of changing the educational paradigm, the result of the activities of each educational organization primarily depends on the application of modern approaches and management principles. Therefore, the article is devoted to the most popular problem today-the formation of managerial competence of the future teacher-psychologist. The authors reflect their position based on the analysis of theoretical materials related to research topics. In this regard, the concepts of "managerial competence", "formation of managerial competence of future teacher-psychologist" are clarified, and current problems of today are revealed and analyzed, such as professionally important qualities of a teacher-psychologist, components and indicators of the formation of managerial competence of future teachers.

**Keywords:** competence, Manager, managerial competence, pedagogical management, management, managerial competence of a teacher-psychologist

*Сардарова Ж.И.<sup>1</sup>, Джанзакова Ш.И.<sup>2</sup>, Имангалиев А.С.<sup>3</sup>, Атимова А.Б.<sup>4</sup>*

<sup>1</sup> ФАО НЦПК «Өрлеу» РИПК СО

Алматы, Қазақстан

<sup>2,3,4</sup> Атырауский государственный университет им.Х.Досмұхамедова

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ МЕНЕДЖЕРСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА

### Аннотация

В настоящее время в условиях изменения образовательной парадигмы результат деятельности каждой организации образования в первую очередь зависит от применения современных подходов и принципов менеджмента. Поэтому статья посвящена на сегодняшний день востребованной проблеме - формированию менеджерской компетентности будущего педагога- психолога. Авторами на основе анализа теоретических материалов, касающиеся научно-исследовательской тематики отражена своя позиция. В этом плане уточнена понятия «менеджерская компетентность», «формирование менеджерской компетентности будущего педагога-психолога», раскрыта и анализированы актуальные проблемы сегодняшнего дня, как профессионально важные качества педагога-психолога, компоненты и показатели формирования менеджерской компетентности будущих педагогов.

**Ключевые слова:** компетентность, менеджер, менеджерская компетентность, педагогический менеджмент, управление, менеджерская компетентность педагога-психолога

Білім беру парадигмасы өзгеруі білім беру үрдістерін басқару мен сапасына қойылатын талаптар қоюда. Қазіргі уақытта қоғамның әлеуметтік тапсырысы-тұрақсыздық және бәсекелестік жағдайында жұмысқа дайын, еңбектің бір түрінен екінші түрінен өту түріндегі серпінді өндіріске бейімді, кең ауқымды мамандықтарға қажетті қабілеті бар бәсекеге қабілетті, конструктивті, әлеуметтік-бейімделген маман. Ол ең алдымен, оқу-тәрбие қызметін де, ұжымды да басқару сапасы білім беру саласындағы педагогтар мен басшылардың басқарушылық құзыреттілігі деңгейімен айқындалады. Сонымен қатар, олардың басым көпшілігі, соның ішінде педагог-психологтардың арнайы менеджерлік құзыреттілігі дайындығы жоқтығымен сипатталады. Ғылыми білімнің қазіргі деңгейі педагогикалық процесті ұйымдастыруда басқарудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін талап етеді. Жоғары педагогикалық білімнің болуы, әдетте, қажетті деңгейдегі басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру үшін жеткіліксіз болып табылады.

Бұл міндетті орындауда білім беру жүйесіндегі білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыреттілікті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа білім парадигмасын жүзеге асырудың орасан зор маңызы бар.

Білім беру жүйесіндегі менеджмент – бұл оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру формалары мен технологиялық тәсілдерінің кешені [1].

"Менеджмент-бұл басқару теориясы мен практикасы, сондай-ақ басқару қызметімен айналысатын тұлғалар шеңбері қамтылған термин" [2,3]. Осылайша, "білім берудегі менеджмент білім беру жүйелерін басқаруда менеджмент теориясы мен тәжірибесінің жетістіктерін шығармашылықпен пайдалану процесі, соның негізінде оларды тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін нақты білім беру мекемелерін басқарудың философиясын, стратегиясын, принциптерін, функцияларын, әдістерін, стилін қалыптастыруды білдіреді. Жалпы айтқанда, педагогикалық менеджмент – бұл педагогикалық жүйе субъектілерінің дамуы мен олардың өзін-өзі дамытуларына бағытталған өзара іс-қимыл процесін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен технологиялары кешені. Педагогикалық менеджмент субъектісінің басты сипаттамасы - оның басқаруға жеке қатысы, яғни педагогикалық менеджменттегі субъектілік әрбіреуінің дамуы мен өзін-өзі дамытуын өзара бірлікте ұстауы.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогикалық сөздікке ХХ ғасырдың соңында енген еді. Ол педагогикалық ғылым ауқымындағы теориялық зерттеулер нәтижесі ретінде емес, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырыс тұжырымдамасы ретінде пайда болды. Ғылыми әдебиетте «құзыреттілік» ұғымының анықтамаларының көптігіне қарамастан, біз бұл анықтамаларда келесі ортақ көзқарас барын айқындадық: біріншіден, құзыреттілікті білім берудің жеке тұлғалық және әлеуметтік біріктірілген нәтижесі ретінде қарастыру; екіншіден, оның мазмұнын құрайтын ортақ ұғымдардың болуы (жеке тұлғаның білім, білік, дағдысы, тәжірибесі, қасиеттері); үшіншіден, орындалатын іс-әрекет сипатының құзыреттілігінің мазмұны мен құрылысының шарттылығы.

Ресейлік ғалым С. В. Калинина құзыреттіліктерді төрт топқа біріктіруді ұсынады:

- Менеджерлік құзыреттіліктер: білімдік мақсаттарды анықтау және оларға жетуді жоспарлау, өзінің және білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру; қадағалау, коммуникациялар (білім алушылармен ақпарат алмасу, шешімдер қабылдау).

- Кәсіби құзыреттіліктер: өзінің және өзге де салаларда кәсіби білімдерінің кеңдігі және негізділігі; тәжірибеде теориялық материалады жеткізу дағдысы; кәсіби деңгейін арттыру бойынша жұмыстар; өзін-өзі дамытуға қажеттілігін жүзеге асыру.

- Педагогикалық құзыреттіліктер: педагогикалық тәсілдер, әдістер мен технологиялырды меңгеруі, оқытуға шығармашылық көзқарас, студенттерге деген жекелік амалдың жүзеге асуы, оқыту туралы педагогикалық негіздердің болуы.

- Психологиялық құзыреттіліктер: топтағы моральді-психологиялық аухуалды диагностика жасай алу дағдысы, пәнді меңгеруге студенттерді қызығушылығын тудыра білуі, топтағы психологиялық қарым-қатынасты реттей білу [4].

Педагогикалық менеджменттің (білім беру процесін басқарудың теориясы, әдістемесі және технологиясы) өзіндік ерекшелігі және өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл ерекшелік ең алдымен өзіндік құралынан, қажеттілігінен, қаруынан және менеджер еңбегінің нәтижесінен көрінеді.

Менеджер еңбегінің құралы - білім беру процесіндегі басқарылатын субъектінің қызмет. Еңбек қажеттілігі - ақпарат, еңбек қаруы - сөз, тіл, сөйлеу. Оқу-танымдық процесі менеджерінің еңбегінің нәтижесі оқушылардың білім алуы, тәрбиеленуі және даму дәрежелері болып табылады. Тәжірибе көрсетуінше, орта білім беру мекемелерінде білім беруді басқарудың төмен болу себебі - жүйеге немқұрайлықпен қарау. Ол осы жүйедегі бір-бірімен байланысты субъектілердің арасында қарама-қайшылық туғызып, соның нәтижесінде субъекті және объекті болып бөлінуі. Педагогикалық менеджмент тұрғысынан осы орта білім беру мекемелері жетекшілері мен оқытушыларының қызметі оқу-тәрбие, оқу-танымдық процесінің менеджері ретінде осы немқұрайлық көзқарас, ұстанымдарынан туындайтын қарама-қайшылықты шешу болып табылады [3].

Енді болашақ педагог-психолог маманның менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру ең алдымен оның кәсіби сапаларын дамытуға байланысты. Психолог-ғалым В.И. Долгова педагог-психологтың кәсіби маңызды сапаларын алты блок бойынша жіктейді. Атап айтсақ, олар:

1) бірінші блок (эмоционалдық компонент): эмпатия, эмоциялық тұрақтылық, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті, шешімдер мен әрекеттердің дербестігі;

2) екінші блок (коммуникативтік компонент): коммуникативтілік, көшбасшылық, мінез-құлық этикасы, жалпы мәдениет, сыртқы мәдениет;

3) үшінші блок (когнитивті компонент): психопрофилактиканың микротехникасы білімі, профилактикалық жұмыс дағдысы, тәжірибені жинақтау, жаңарту және оны шығармашылықпен қолдану, ойлау және сөйлеу мәдениеті;

4) төртінші блок (мотивациялық): ізгілік, абырой, жұмыс істеу қабілеттілігі;

5) бесінші блок (практикалық): бағыттылық, ұйымшылдық және жинақтылық, тәртіптілік, жауапкершілік, бастамашылық;

6) алтыншы блок (рефлексивті): өзін-өзі реттеу қабілеті, өзін-өзі бағалау қабілеті, әділдік және адалдық [4].

Біз ғалымның тұжырымын қолдай отырып, Е.В. Мельниктің "педагог-психолог жұмысының ерекшелігі маманнан белгілі бір тұлғалық қасиеттерді талап ететіндігін, олардың ең маңыздысы адамдармен қарым-қатынастағы эмпатия деген пікіріне толық қосыламыз. Өйткені күнделікті практиканың көрсетуінше, эмоционалды құзыреттілігі жоғары дамыған индивидтер өзінің, басқа адамдардың эмоцияларын түсініп, эмоционалды саланы басқару қабілеттері жоғары екендігін, ал ол өз кезегінде, қарым-қатынастың жоғары бейімделігіне және тиімділігіне себепші болуда. Сондықтан да біздіңше, бүгінгі таңда менеджерлік құзыреттіліктің басты құрашысы ретінде эмоционалды интеллектіге жете көңіл бөліну қажет. Өйткені әлеуметтік - эмоционалды интеллект үшінші мыңжылдықтың трендісінің бірі, тұлғаның қызметі мен өмірінің табыстылығының алғышарты болуымен, әлемдік білім кеңістігіндегі өзгерістерге сәйкес жаңалықтарды қабылдап, оған бейімделуде басты орын алуымен анықталады. Эмоционалды интеллект - қоршаған ортадағы адамдардың эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне икемделу арқылы тиімді қарым-қатынас құра білу қабілеті. Ал эмоционалды интеллект құзыреттілігі өзіндік сана, өзін-өзі реттеу, ынта, эмпатия, әлеуметтік дағдылар сияқты құрауыштардан тұрады.

Қазіргі таңда болашақ педагог-психологтардың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологияларды, озық әдістер орын алуда. Оқытудың инновациялық әдістері - бұл

"Оқытушы - студент" өзара әрекеттесуінде және оқу материалын меңгертуде практикалық қызметтегі жаңашыл оқыту әдістері.

Инновациялық технологияларды жете зерттеп жүрген қазақстандық ғалымдар А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова 300-ге жуық инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын топтайды. Оның басым көпшілігі күнделікті практикада кеңінен қолданыс табуда [5]. Соның ішінде кең қолданыс тауып отырған – бұл кейс-стади әдісі. Кейс-стади - шыни және ойдан шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интербелсенді әдіс. Оның басты ерекшелігі:

- практикалық жағдайларды зерттеуі;
- болған жағдайларды баяндауы;
- білім алушылар проблемамен (мәселемен) танысып, оны шешудің жолдарын іздеуі.

Соған сәйкес ой қозғау, модельдеу, пікірталас, талқылау мен жүйелі талдау, іскерлік және ролдік ойындар, тәжірибе жасау, проблемалық әдістер қолданыс табады. Осыған орай, келесі дағдылар дамытылады:

- аналитикалық дағдылар: Деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, қажетті ақпараттарды табып, қолдану шеберлігі және т.б. Нақты және логикалық ойлау қабілеті.

- тәжірибелік дағдылар: кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

- шығармашылық дағдылар: бұнда логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешудің шығармашылық дағдыларының маңызы зор.

- коммуникативті дағдылар: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдарға дәлелді жеткізе білу, көрнекі материалды және басқа медиа заттарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттерге дәлелдеу, қысқа да нұсқа есеп жасау.

- әлеуметтік дағдылар: талқылау барысында CASE-те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін өзі ұстау және т.б.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, менеджерлік құзыреттілік – тұлғаның өзінің кәсіби функцияларын әлеуметтік ортаға сәйкесті үйлесімді орындау жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби шеберлігі, оның психологиялық-педагогикалық дайындығы деп түсінеміз. Болашақ педагог-психологтың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастыру – бұл білім алушыларды басқаруға қажетті педагогтың ішкі ресурстар жүйесі, ол өзіне мақсат қою, жоспарлау, нәтижені жобалау мен басқарушылық іс-әрекеттің рефлексиясын кіріктіретін құзыреттер тобын меңгерту. Соған сәйкесті болашақ педагогтардың менеджерлік құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін келесі мазмұнда қарастырдық:

**Құндылықты-мотивациялық:** кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығы мен құндылығын түсінуі, «адам-адам» кәсіби саладағы маманның гуманистік ұстанымның басымдығын түсінуі, заманауи қоғамдағы менеджерлік іс-әрекет пен басқарушылық білімнің құндылығын сезінуі, кәсіби іс-әрекетте тиімді шешімдерге қол жеткізу үшін менеджердің арнайы басқарушылық даярлығының қажеттігін түсінуі;

**Мазмұндық-кәсіби:** педагогтың менеджерлік іс-әрекетінің негізгі бағыттарын меңгеруі; басқару саласы бойынша білімдер жүйесін меңгеруі; педагогтың менеджерлік іс-әрекетін меңгерудегі заманауи технологияларды білуі;

**Ұйымдастырушылық-әрекеттік:** кәсіби есеп пен жағдаяттарды жүйелі түрде талдауы; икемділік, сыни тұрғыдан ойлау, кәсіби ойлаудың өзіндік сипатының болуы педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі басқарушылық дағдыларды игеруі; стандарттан тыс кәсіби есеп, жағдаяттарды шешуде менеджмент технологиясының пайдалану дағдысы;

**Акмеологиялық:** кәсіби шешім қабылдаудағы өзіндік даярлығы; өзін –өзі білімдендіру іс-әрекетін құндылық ретінде қабылдауы; өз іс-әрекетінің нәтижесін кәсіби-рефлексиялық талдауға қабілеттілігі; кәсіби –тұлғалық өсу бағдарламаларын өз бетімен құрастырып, жүзеге асыру дағдысы.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, жаңа идеялар мен тың жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олар: білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын көтеру, ең алдымен педагог мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына кәсіби өсуін және кәсіби біліктілігін дамыту, т.б. мәселелер. Ал

бұл әрекеттің жоғары дәрежеде орындалуы негізінде, ең алдымен, ұйым басшысының басқарушылық іс-әрекетіне тікелей байланысты екендігін дәлелдей түседі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Аганина К.Ж., Жунусбекова А. *Сущностная характеристика понятий менеджмента в сфере образования*// *Материалы международной научно-практической конференции: «Актуальные проблемы подготовки научно-педагогического потенциала в условиях послевузовского образования», Алматы, 2012, с. 139-144.*

2. Аганина К.Ж., Утебаева Н.М. *Подготовка менеджеров сферы образования как условие эффективного функционирования системы образования // Білім әлемінде. В мире образования. In the world of Education. № 2. 2011. С. 3-6*

3. Абитаева Р.Ш. *Развитие управленческой компетентности руководителей организаций образования в системе повышения квалификации – Диссертация на соискание ученой степени...к.п.н. – Караганда, 2010. С. 204*

4. Барышникова Е.В. *Профессиональная компетентность будущих педагогов-психологов – Челябинск: Изд-во Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2017 – 239 с.*

5. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. *Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения. – Алматы, 2013. – 226 с.*